

 <b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ</b> <b>ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ</b> <b>АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ</b> <b>ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ</b> <b>ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК</b> <b>ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ</b>
<u>2006 ж. 19 наурыз</u> <u>160840017956</u> <small>(Бизнес-сәйкестеңілдіру нөмірі)</small>

**Кордың күрүлтайшылар жиналысының**  
**2016 жылғы «20» сәуірдегі**  
**№ 1 хаттамасымен бекітілді.**



**«Свободный орта мектебінің қамқоршылар кеңесі»**  
**қоғамдық қорының**  
**жарғысы**

**Свободный ауылы -2016жыл**

## **1. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕ.**

**1.1. «Свободный орта мектебінің қамқоршылар кенесі» қоғамдық қоры** -/одан әрі- Қор/ үкіметтік емес, коммерциялық емес, оқушыларды жаңажақты қолдау және құқықтары мен мұдделерін қорғау үшін ерікті түрде құрылған ұйым.

**1.2.** Қор өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, ҚР Азаматтық кодексінің 102 бабын және ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңын басшылыққа алады, Қор – коммерциялық емес ұйымның ұйымдық-құқықтық нысаны бар.

Қордың түрі: Қоғамдық.

**1.3. Қор құрылтайшысы:**

**1) Жармаганбетов Сагит Рахымжанович**, жеке куәлік № 034916512, 2013 ж. 18.04 МВД ҚР, ЖСН 680407300667, мекен-жайы Қазақстан Республикасы, 020918, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Свободный ауылы, Гагарина көшесі, 16.

**2) Женистан Досжар,** жеке куәлік № 036119868, 2013ж. 19.12 МВД ҚР, ЖСН 790809350314, мекен-жайы Қазақстан Республикасы, 020918, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Свободный ауылы, Садовая көшесі, 9.

**3) Казмирчук Татьяна Николаевна**, жеке куәлік № 011928805 , 2002ж. 08.05 МВД ҚР, ЖСН 740430400375, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы , 020918, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Свободный ауылы, Спортивная көшесі, 13.

**1.4. Қордың толық атауы:**

«Свободный орта мектебінің қамқоршылар кенесі» қоғамдық қоры

**1.5. Қордың** заңды мекен-жайы және орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Есіл ауданы, 020918, Свободный ауылы, Московская көшесі, 8 үй.

**1.6. Қордың қызмет атқару мерзімі шектелмейді.**

## **2. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ.**

**2.1.** Қор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес заңды тұлға болып табылады, жеке балансы, жеке мүлігі, дәңгелек мөрі, бұрыштама мөртабаны, банктерде есеп айырысу және валюталық шоттары болуы мүмкін.

**2.2.** Қор өз мақсаттарын жүзеге асыруда шаруашылық шешімдерін қабылдауға, басқару нысандары мен әдістерін анықтау мәселелерінде толық шаруашылық дербестігіне ие. Қор өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтар алуға, міндеттіліктер атқаруға, сotta талап қоюшы және жауапкер болуы мүмкін.

**2.3.** Қор өз міндеттіліктері бойынша қолданыстағы заңнамаларға сәйкес өзінің барлық мүліктеріне жауапты.

Қордың міндеттіліктері бойынша мемлекет және Қор құрылтайшылары жауап бермейді. Қор құрылтайшылар мен мемлекеттің міндеттіліктері бойынша жауап бермейді.

**2.4.** Қор заң актілерінде белгіленген шекте коммерциялық емес ұйымның басқа заңды тұлғаларды, өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы

немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау мәселелері жатады.

2.5. Қор жеке және занды тұлғалардан өз қарауындағы қаржының есебінен мүлікті сатып алуға және жалға алуға құқылы.

2.6. Қор өз бетінше қызметін жоспарлайды.

2.7. Қор өз бетінше кез келген жеке және занды тұлғалармен келісімшарт жасауға құқылы.

2.8. Қор өз қызметінде және басқа да занды және жеке тұлғалардың қызметтерінде бағдарламалар, іс-шаралар мен жобаларды өз бетінше инвестициялауға занды және жеке тұлғалардан несие алуға құқығы бар.

2.9. Қор өз бетінше қолданыстағы заңнамаларға сәйкес өз қызметінің нәтижелеріне жедел, бухгалтерлік және статистикалық есептерді жүзеге асрыады. Қор және оның лауазымдық тұлғалары есептер мен есептіліктердің дұрыстығы мен анықтығына жауап береді.

2.10. Қор өз уақытында және белгіленген көлемде салық және төлемдер төлейді, есептер мен есептеулердің дұрыс болуына жауапты.

2.11. Қор өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асрыады.

2.12. Қор өз мүліктерін пайдалануы туралы есептерді жыл сайын интернет-ресурстарда орналастыруға және (немесе) оларды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялауға міндетті.

### **3. ҚЫЗМЕТТИҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ.**

3.1. Қордың негізгі мақсаты «Есіл ауданының білім беру бөлімінің Свободный орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің дамуына бағытталған қайырымдылық жасай отырып, оқушылардың құқықтары мен мұдделерін қорғауды жүзеге асрыу болып табылады.

3.2. Қордың негізгі міндеттері:

-қоғамдық-тәрбиелеу процесстерінің барлық қатысушыларының: оқушылар, ата-аналар, мұғалімдердің бірлескен қызметтері үшін қолайлышағайлар қалыптастыру;

-оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, рухани қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау;

-аз қамтылған отбасынан шыққан балалар, жетім балалар үшін қолайлышағайлар қамтамасыз ету;

-оқыту-тәрбиелік процесіне қатысушылардың біріккен әрекеттеріне, қосымша білім алуларына қолайлышағайлар қамтамасыз ету;

-оқушылардың құқықтары мен мұдделерін қорғау, салауатты өмір салты үшін жағдайлар туғызу;

-«Есіл ауданының білім беру бөлімінің Свободный орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің - материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін нығайтуға көмектесу.

3.3. Қордың қызметінің мәні:

-ғылыми-құқықтық, қаржылық, материалдық-техникалық және басқа да білім беретін бағдарламаларды қамтамасыз ету және мектепті дамыту бағдарламаларына қатысу;

-оқудағы ерекше жетістіктері, шығармашылық, зияткерлік байқаулардағы жетістіктері үшін сыйлықақылар тағайындау;

-кордың қыметіндегі мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдармен, сонымен қатар мемлекеттік құрылымдармен қарым-қатынас;

3.4. Қор өз қызметінде экономикалық пайда алу мақсатын көзdemейді.

Кордың кәсіпкерлік қызметпен айналысының себебі, Кордың жарғылық мақсаттарға қол жеткізуіне септігін тигізеді. Кордың кәсіпкерлік қызметі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3.5. Кордың кәсіпкерлік қызметтерінен түскен кірістерге Қазақстан Республикасының Заңнамасына сай салық салынады.

3.6. Кордың кәсіпкерлік қызметтерінен түскен кірістер Қор құрылтайшыларының арасында қайта бөліске түспейді және жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданылуға тиіс. Қорға өз қаражатын қайырымдылық мақсаттарға қолдануға жол беріледі.

#### **4. ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ.**

4.1. Құрылтайшылардың мынадай құқықтары бар:

1) осы Жарғыда айқындалған тәртіппен ісін басқаруға қатысуға;

2) Кордың қызметі туралы ақпарат алуға және оның құжаттамаларымен танысуға;

3) Қорға қатысады тоқтату.

4.2. 4.1.тармақта қарастырылған құқықтар мейлінше толық болып табылмайды. Қор құрылтайшыларының заңнамаларға, осы Жарғыға сәйкес басқа да құқықтары болуы мүмкін.

#### **5. ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ.**

5.1. Кордың құрылтайшыларының міндеттері:

1) құрылтай құжаттарының талаптарын сақтауға;

2) Қорға оның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет мүлікті құрылтай құжаттарында қарастырылған тәртіpte, көлемде, тәсілмен және мезгілде беруге;

3) Қор коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

5.2. Қор Құрылтайшыларының заңнамаларда қарастырылған басқа да міндеттері болуы мүмкін.

#### **6. МЕНШІК.**

6.1. Мүліктерді қалыптастырудың қайнар көздері төмендегілер болып табылады:

1) құрылтайшылардан түсетін түсімдер;

2) ерікті мүліктік журналар мен қайырмалдықтар;

3) заңнамада белгіленген жағдайларда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсіндер (кіріс);

4) дивидендтер (кірістер, сыйақы (мұдде), Қордың акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алғандары;

5) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсіндер.

6.2. Қордың меншік құқығының объектілері болып көсіпорындар, мұліктік жиынтықтар, жер участкелері, ғимараттар, құрылымдар, жабдықтар, шикізат пен материалдар, ақшалай қаражат, арнайы және мақсатты тағайындау қорлары, бағалы қағаздар, өндірістік, тұтыну, әлеуметтік, мәдени және басқа мақсатта белгіленген мұліктер, Қордың балансында тіркеуде тұрған зияткерлік және творчестволық еңбектің өнімдері.

6.3. Қордың ақшалай қаражаты кіру жарналарынан, ерікті жарналардан, қайырмалдықтардан, дәрістер, көрмелер, спорттық және басқа да заңнамалық актілерде тыйым салынбаған іс-шаралар, лотереялар өткізуден түсін түсіндерден қалыптасады.

6.4. Қорға оның құрылтайшысы берген мұлік, қордың меншігі болып табылады. Қор құрылтайшыларының қордың мұлкіне мұліктік құқықтары болмайды.

## **7. БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫ.**

7.1. Қорға басшылық: Құрылтайшылардың жалпы жиналысы, төраға, қамқорлық кеңес жүзеге асырады.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы – жоғарғы басқарушы орган, Қордың қызметіндегі барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, Құрылтайшылардың жалпы жиналысы қажеттілігіне қарай шақыртылады, алайда жылына бір реттен артық емес. Тығыз мәселелерді шешу үшін қамқорлық кеңесінің ұсынысы бойынша кезектен тыс жиналыстар өткізіледі.

7.2. Құрылтайшылардың жалпы жиналысының ерекше құзырына келесі мәселелер жатады:

- Қордың құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;

- Атқарушы органдардың қаржы есептілігін табыс ету тәртібі мен мерзімділігін анықтау, сонымен қатар бақылаушы органдардың тексеру жүргізу тәртібі және олардың нәтижелерін бекіту;

- Қорды басқаруда құзыretін, ұйымдық құрылымын, органдардың өкілдіктерін қалыптастыру және тоқтату тәртібін анықтау;

- Қордың төрағасын сайлау және қызметінен босату;

- Қордың тексерушісін сайлау және қызметінен босату;

- Қор қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

- Қордың Қамқоршылар кеңесін сайлау;

- Қордың Қамқоршылар кеңесінің жұмыс туралы сметалар мен есептерді бекіту;

-Заңнамалық актілерде белгіленген, шешімдер шегінде, өз филиалдары мен өкілдіктері, басқа занды тұлғаларды құру немесе қызметіне Қордың қатысусы туралы шешімдер қабылдайды;

7.3. Құрылтайшылардың жалпы жиналышының отырысы құрылтайшы 2/3 кем емес болған жағдайда құқылы болады. Шешімдер құрылтайшылардың Жалпы жиналышына қатысушылардың жалпы санының көпшілік даусымен қаабылданады.

7.4. Қордың төрағасы атқаруши орган болып табылады.

7.5. Қордың төрағасы Жалпы жиналышқа қатысушы құрылтайшылардың көпшілік даусымен 5 (бес) жыл мерзімге сайланады. Төраға осы Жарғының 7.2 бабына сәйкес Жалпы жиналыштың шешімімен қызметінен босатылады.

Төраға:

-Қор қаржысы мен мүлкіне өзіне берілген өкілеттіктер шегінде басқарады;

-Қор қызметкерлерінің қызметіне бақылау жасайды, шарттар (келісім-шарттар), соның ішінде енбек шарттарын жасайды;

-Қорды басқа да жеке және занды тұлғалармен, сот және басқа да мемлекеттік және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынастарда сенімхатсыз таныстырады;

-Қордың есеп айырысу және валюталық шоттарын ашады;

-Сенімхат береді, оның ішінде екінші біреуге тапсырады;

-Қордың барлық қызметкерлері үшін міндettі бұйрықтар мен нұсқаулар береді;

-Штаттық кестені бекітеді;

-Қордың атынан, енбек ұжымдарымен келісім-шарттар жасайды;

7.6. Қамқоршылар кеңесінің құрамы 3 адамнан 7 адамға дейін құрылтайшылардың қатысусымен жалпы жиналыш сайлайды. Қордың Қамқоршылар кеңесінің мүшелерінің көпшілігі неке мен отбасы қарым-қатынас арқылы байланысты тұлға бола алмайды. Қамқоршылар кеңесі Қордың төрағасы үш айда бір реттен кем емес қажетті ретінде оның отырысына шақырады. Қамқоршылар кеңесіне мүше болу төленбейді.

7.7. Қамқоршылар кеңесі:

-қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады,

-Қор бағдарламалары мен жобаларының басымдығын анықтайды;

-Құрылтайшылардың жалпы жиналышына бекітуге ұсыну үшін, Қор Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобаларын дайындайды;

-Қор қызметкерлерінің енбегін төлеу туралы ереже, Қордың ішкі қызметін реттейтін басқа нормативтік актілер қабылдайды;

-Қордың мақсатты бағдарламаларын бекітеді;

-Қордың ағымдағы қызметін қаржыландыру мәселелерін шешеді;

-Құрылтайшылардың жалпы жиналышының құзыретіне жатпайтын, Қор қызметінің ағымдағы мәселелерді талқылайды;

-Қор қызметкерлерінің штаттық санын бекітеді;

-Кордың қаржылық қызметі туралы жыл сайынғы есеп жобасын дайындауға қатысады.

7.8. Қамқоршылар кеңесі өз шешімін қаулы түрінде, қамқоршылар кеңесі мүшелерінің отырысының қатысуышыларының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстың тәпе-тәндігі кезінде шешуші дауысты Қордың төрағасының дауысы шешеді. Қамқоршылар кеңесінің отырысы қамқоршылар кеңесі мүшелері құрамының үштен екісінен кем емес кезінде құқылы. Қажет болған жағдайда Қамқоршылар кеңесі тұрақты немесе уақытша комиссия (жұмыс топтарын) құру туралы шешім қабылдайды.

### 7.9. Қор тексерушісі.

Қор тексерушісі Қор қаржысының қаржылық-шаруашылық қызметтерде заңды және тиімді қолданылуына бақылау жасайды, жалпы жиналыста екі жыл мерзімге сайланады. Тексеруші Қордың тоқсан сайынғы баланстық есептерінің жобаларына қорытынды береді, сонымен қатар Тексерушінің талабы бойынша кезектен тыс құрылтайшылардың жалпы жиналысы өткізіледі.

Қамқоршылар кеңесі Тексерушіге тексеру жүргізу үшін қажетті материалдардың берілуін қамтамасыз етеді.

Жалпы жиналыстың шешімі бойынша қаржылық-шаруашылық қызметтерді тексеру тәуелсіз аудиторлық ұйыммен жүргізуі мүмкін. Жалпы жиналыстың тапсырмасы бойынша Қор төрағасы жасаған келісім-шарттың негізінде тексеру жүргізу тәртібі, тәуелсіз аудиторлық қызметтің құқықтары мен міндеттері анықталады.

## 8. ЕҢБЕК ҰЖЫМЫ.

8.1. Қор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларының талаптарын есепке ала отырып, өз құрылымының мәселелерін, кадрмен қамтамасыз ету, ұйымдастырудың әдісі мен нысандарын анықтайды, еңбекті материалдық ынталандыру және төлеу, еңбекақы және тарифтік мөлшерлемелердің көлемін, қызметкерлерге төлемдер мен сыйлықақыларды, жұмыс аптасымен жұмыс күнінің ұзақтығын, жыл сайынғы төленетін демалыстарды беру тәртібі мен мөлшерін шешеді.

8.2. Қордың еңбек ұжымын еңбек келісім-шарттарының негізінде оның қызметіне қатысушы барлық азаматтар, сонымен қатар Қормен қызметкерлердің еңбек қатынастарын реттейтін басқа да нысандары құрайды.

8.3. Қор еңбек ұжымының мүшелеріне еңбек, әлеуметтік қорғау және әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамаларда қарастырылған еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық женілдіктерге кепілдік береді.

## 9. ҚОРДЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРИСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ.

9.1. Қордың Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар еңгізу Қордың жалпы жиналысында бекітіледі.

9.2.Әділет органдары Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізілгендігі туралы бір ай ішінде хабардар етілуге тиіс.

## 10. ҚЫЗМЕТТИ ТОҚТАТУ.

10.1.Қордың қызметін тоқтату қайта құру және тарату арқылы болады.

10.2.Қордың қызметі қордың жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе сот шешімі бойынша тоқтатылады.

10.3.Қорды қайта ұйымдастырған кезде оның құқықтары мен міндеттері құқықтық мұрагерге көшеді.

10.4.Жалпы жиналыс немесе сот шешімі тағайындаған тарату комиссиясы қорды таратады. Тарату және қайта құру тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады.

10.5.Қор таратылғаннан кейін оның қолындағы қаражат, оның мүлкін жаппай сатудан түсken түсімді қоса алғанда Қор қызметкерлерінің еңбегін төлеу бойынша есептерден кейін, қолданыстағы заңнамаларда қарастырылған басқа да жәрдемақы төлемдері, бюджет алдындағы міндеттіліктердің орындалуы, банктерге, басқа кредиторларға, Қордың жарғылық мақсаттарына жіберіледі;

10.6.Тарату аяқталды деп, ал қор өз қызметін тоқтатты деп, бұл туралы Бизнес-сәйкестендіру номерлерінің Ұлттық тізілімдемесіне тіркеу енгізілген кезден бастап саналады.

1. Жармаганбетов Сагит Рахымжанович

---

2. Женистан Досжар

---

3. Казмирчук Татьяна Николаевна